

Мәслихаттың 2012 жылғы 24 қазандағы № 60 "Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге арналған салық ставкалары туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 385 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қаңтарда № 6150 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 232 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 13.04.2018 № 232 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңы 1-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2012 жылғы 24 қазандағы № 60 "Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге арналған салық ставкалары туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3864 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 15 қарашада "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбында, 2-тармағында және 2-қосымшасында қазақ тіліндегі "ставкалары", "ставкаларының" деген сөздер тиісінше " мөлшерлемелері", "мөлшерлемелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*XXIII сессияның төрағасы
Қалалық мәслихат хатшысы*

*А. Демисенов
Г. Жарылқасымова*

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Лисаков қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы"

Республикалық мемлекеттік
мекемесі басшысының міндетін
атқарушы

_____ Ж. Утепова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ